



МАҢҒЫСТАУ – ҮНДІ ИНВЕСТИТОРЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНДА



**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСА-
РЫ АСХАТ ОРАЛОВ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ҮНДІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖӘНЕ
ӨКІЛЕТТІ ЕЛШІСІ САЙЛАС ТАҢГАЛМЕН КЕЗДЕСТІ.**

Кездесу барысында тараптар көлік-логистика, өнеркәсіп, туризм, цифрлық технологиялар және мәдени-гуманитарлық байланыстар салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктерін жан-жақты талқылады.

Асхат Оралов өңірдің әлеуетін таныстыра отырып, Маңғыстаудың елдегі маңызды көлік-логистикалық және инвестициялық орталықтардың бірі ретіндегі стратегиялық маңызын атап өтті.

– Бүгінде Маңғыстау облысы Каспий маңындағы стратегиялық даму нүктесіне айналып, Қазақстандағы негізгі логистикалық және

инвестициялық хабтардың біріне айналып отыр. Біз Үндістанмен жүйелі әрі ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға дайынбыз. Өнеркәсіп, логистика, туризм және жоғары технологиялар салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін барынша қолайлы жағдай жасауға әзірміз. Сіздердің өңірге инвестиция салуға деген ниеттеріңіз екіжақты ынтымақтастықты нығайтып, ортақ бастамалардың табысты іске асуына жол ашады, – деді Асхат Оралов.

Кездесуде туризм саласын дамыту мәселесіне де айрықша назар аударылды. Өңірдің бірегей табиғаты, киелі орындары және Каспий теңізіне тікелей шығу мүмкіндігі

Маңғыстаудың халықаралық туризм орталығы ретіндегі әлеуетін арттыра түседі.

Өз кезегінде Үндістан Елшісі Сайлас Тангал Маңғыстау облысының экономикалық және инвестициялық мүмкіндіктеріне жоғары баға беріп, үнді тарапының әріптестікті одан әрі нығайтуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

Маңғыстау облысы мен Үндістан арасындағы өзара іс-қимыл оң серпін алып, сауда-экономикалық байланыстар тұрақты түрде дамып келеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша екі тарап арасындағы сыртқы сауда айналымы 4,7 миллион АҚШ долларын құрады. Қазіргі таңда өңірде үнді капиталының қатысуымен 19 кәсіпорын табысты жұмыс істеуде.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ЕРЕВАНҒА ЖОЛ АШЫҚ



**18 СӘУІРДЕН БАСТАП
МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР ҮШІН ТАҒЫ БІР
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ БАҒЫТЫ ҚАЙТА
АШЫЛАДЫ. «SCAT» ӘУЕ КОМПАНИЯ-
СЫ «АҚТАУ – ЕРЕВАН – АҚТАУ» БАҒЫТЫ
БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ РЕЙСТЕРДІ ҚАЙТА
ІСКЕ ҚОСУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.**

Ақтау халықаралық әуежайының мәліметінше, бұл бағыт өңір тұрғындарына Армения астанасына тікелей әрі колжетімді түрде жетуге мүмкіндік береді. Рейстер аптасына екі рет – сейсенбі және сенбі күндері орындалады. Ұшу ұзақтығы шамамен

1 сағат 30 минутты құрайды. Әуе қатынасы CRJ 200 үлгісіндегі әуе кемесімен жүзеге асырылады, оның сыйымдылығы 50 жолаушыға дейін жетеді.

Ұшу кестесіне сәйкес Ақтаудан ұшақ түнгі 00:40-та көтеріліп, 01:10-да Ереван қаласына қонады. Ал кері бағытта әуе кемесі 02:00-де ұшып, 04:20-да Ақтауға келіп жетеді.

Аталған бағыттың қайта жандануы өңір тұрғындары үшін туристік, мәдени және іскерлік байланыстарды кеңейтуге кең жол ашады. Сонымен қатар, бұл бастама Маңғыстау облысының халықаралық әуе қатынастарын дамытуға серпін беріп, тұрғындардың сапар мүмкіндіктерін одан әрі арттыра түседі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МӘУЕЛЕП ӨССІН ТАЛ-ТЕРЕК...

**АҚТАУ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ КҮЗІ МЕН
2026 ЖЫЛДЫҢ КӨКТЕМІНДЕ ОТЫРҒЫЗЫЛҒАН ЖА-
СЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДІҢ ЖАЙ-КҮЙІН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ТАМЫР ЖҮЙЕСІН НЫҒАЙТУ МАҚСАТЫНДА
КЕШЕНДІ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ШАРАЛАР ҚАРҚЫНДЫ
ТҮРДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТЫР.**

Мамандардың айтуынша, аталған шаралардың негізгі мақсаты – ағаш көшеттерінің жерсіну деңгейін арттыру, олардың өсу қарқынын тұрақтандыру және сыртқы орта жағдайларына бейімделуін қамтамасыз ету. Өңірдің табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір көшеттің дұрыс қалыптасуына ерекше мән беріліп отыр.

Осыған байланысты жасыл желектер арнайы биологиялық белсенді препараттармен өңделуде. Атап айтқанда, тамыр жүйесін күшейтіп, өсімдіктің жалпы физиологиялық жағдайын жақсартуға ықпал ететін «Корень Плюс», «Инлайвер» препараттары мен гуми негізіндегі минералды тыңайтқыштар кеңінен қолданылып жатыр. Бұл құралдар өсімдіктердің төзімділігін арттырып, олардың жаңа ортаға тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Агротехникалық жұмыстар тек тыңайтқыш берумен шектелмейді. Көшеттерді уақытылы суару, топырақты қосыту, зиянкестерден қорғау және күтімнің басқа да маңызды түрлері қатар жүргізілуде. Мұның бәрі жасыл желектердің толыққанды өсіп-жетілуіне және қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған.

– Өңдеу жұмыстары бекітілген агротехникалық талаптар мен нормаларға сәйкес жүйелі түрде жүргізілуде. Қабылданып жатқан шаралар отырғызылған ағаштардың тіршілік қабілетін арттыруға, тамыр жүйесінің қарқынды дамуына және олардың толыққанды өсіп-жетілуіне оң ықпал етеді, – деді «Green City Aktau» ЖШС директорының орынбасары Ақжол Сандыбеков.

Айта кетейік, аталған іс-шаралар күзгі ағаш отырғызу маусымына дейін тұрақты түрде жалғасады. Бұл бастама Ақтаудың жасыл желегін көбейтіп қана қоймай, қаланың көркін айшықтап, тұрғындарға жайлы әрі экологиялық тұрғыдан қолайлы орта қалыптастыруға негіз болмақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

• БҮГІНГІ САНДА

ЕМІРГЕ ТУРИСТЕР ТАРТУ ТИІМДІ



БАСТЫ МАҚСАТ – ӨНІР ДЗЮДОСЫН ӨРГЕ СҮЙРЕУ



Әлеуметтік төлемдерді алудағы қауіпсіздік: ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ – (ЖҮЙЕ) ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ ҚОСЫМША ТҮРІ. ЖҮЙЕ ШЕКТЕУЛІ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН, ЯҒНИ ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАР МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА (МӘСҚ) ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ХАЛЫҚ ҮШІН ТӨЛЕНЕДІ. БҰЛ РЕТТЕ, ОЛАР ҮШІН МӘСҚ-ҒА ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАР ТҮСКЕН ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨУЕКЕЛ ЖАҒДАЙЫ ТҮЫНДАҒАН АДАМДАР ҒАНА ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУШЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Бүгінгі таңда жүйеге шамамен 7 млн жұмыс істейтін азамат қатысады, жыл сайын 1,3 млн-нан астам адам МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйе екі ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызы бар төлемді қарастырады – еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша. Бұл төлемдер бюджет қаражаты есебінен төленетін мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдем-ақыларға қосымша жүзеге асырылады.

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Мәселен, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жүктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйеге қатысушы үшін жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан маңызды қолдау болып табылатын жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем. Ол жүйеге қатысушы Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда тағайындалады.

МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті құқықтық актілерімен реттеледі. Төлем мөлшерлері әр жүйеге қатысушы үшін жеке есептеледі және тікелей МӘСҚ-ға уақытылы және толық төленген әлеуметтік аударымдарға байланысты анықталады.

Заңнамалық тұрғыдан МӘСҚ әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттардың (мәліметтердің) анықтығын тексеру құқығына ие. Осыған байланысты қажет болған жағдайда тиісті сұраулар мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, төлеуші және өтініш берушіге жіберіледі. Әлеуметтік аударымдардың МӘСҚ-ға уақытылы және толық түспеуі, сондай-ақ құжаттар мен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтердің сәйкессіздігі тексеріске негіз бола алады.

Жалған еңбек қатынастары немесе жалған мәліметтердің ұсынылғаны анықталған жағдайда материалдар құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Әлеуметтік желілерде таратылып жатқан МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға көмектесуге бағытталған жарнамалық сипаттағы хабарламаларға, соның ішінде бір жарым жасқа

дейінгі бала күтімі бойынша төлемді «құзартып беру» туралы хабарламаларға бөлек назар аударамыз.

Бала күтімі бойынша демалыста отырған әйелдердің жұмыс орны сақталады, осыған орай олардың жұмыссыздар категориясына жатпайтынын атап өткен жөн. Жұмыссыз мәртебесі тек, шын мәнінде, жұмыс іздеп, оған кірісуге дайын адамдарға беріледі.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тек жүйе қатысушысына, ол жұмыссыз ретінде тіркеліп, тиісті міндеттемелерді орындаған жағдайда тағайындалады. Төлем алушы жұмыспен қамтылғаны туралы Мансап орталығын хабардар етуге міндетті. Жалған мәлімет берілген жағдайда төленген қаражат заңда белгіленген тәртіппен қайтарылады.

Әлеуметтік төлем алу мақсатында қасақана жалған мәлімет беру алаяқтық ретінде бағалануы мүмкін. Әлеуметтік желілерде осындай хабарламаларды тарататын адамдар және осындай істерге қатысатын азаматтар заң бойынша жауапқа тартылуы мүмкін екендігін ескертеміз.

Мысалы, 2025 жылы елдің 12 өңірінде алаяқтық фактілері бойынша 30-дан астам қылмыстық іс қозғалған, ал бес өңірде 7 сот үкімі шығарылған. Азаматтар әлеуметтік желілердегі (Instagram және басқалары) жарнамалық хабарламаларға өтіп, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша алаяқтық схемаларға тартылғаны анықталды.

Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйе бойынша қажетті ақпаратты тек ресми дереккөздерден алуды ұсынамыз (электрондық үкіметтің веб-порталы (egov.kz), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (enbek.gov.kz), МӘСҚ-ның (gfss.kz) ресми сайттары). Сондай-ақ жеке деректерді, оның ішінде жеке электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға бермеу қажет. Кез келген сұрақ туындаған жағдайда 1414 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

МӘСҚ-дан тағайындалатын әлеуметтік төлемдер заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және әлеуметтік желілердегі «көмекшілердің» қатысуын қажет етпейді. Саналы көзқарас пен ресми арналарды пайдалану – азаматтардың қаржылық қауіпсіздігінің кепілі.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК «МЕМ.ЛЕКЕТТІК САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» АҚ ФИЛИАЛЫ.

ГРАНТТАР КОНКУРСЫ БАСТАЛДЫ

Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының тапсырысы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған қысқа мерзімді гранттар конкурсы басталды.

Қысқа мерзімді гранттар саны-2. Біз төмендегі басым бағыттар бойынша жобаларды жүзеге асыруға дайын үкіметтік емес ұйымдарды іздейміз:

– Жыртқыш құстар мен Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енгізілген (соның ішінде жыл құстары) құс түрлерін сақтау және оларға реабилитациялық іс-шаралар жүргізу арқылы уақытылы көмек көрсету;

– Өңір халқының табиғатқа жауапты қатынасын қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау және өңірдің орнықты дамуы саласындағы халықтың белсенділігін арттыру.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі: 8 сәуір мен 28 сәуір аралығы, сағат 18:30-ға дейін

Өтініштерді қабылдау: Электрондық пошта: uprrpmangystau@cisc.kz

Қағаз түрінде: Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 11/5-ғимарат, 5-қабат, 504/1-кабинет, сағат 9:00–18:30 арасында жүзеге асады.

Конкурсқа тек ҰЕҰ деректер базасына тіркелген ұйымдар қатыса алады.

Толығырақ ақпарат пен жобаларға қойылатын талаптарды мына сайттан қараңыз: <https://cisc.kz/>

→ «Гранттар» → «Гранттар туралы хабарландырулар».

Байланыс: +7 (702) 984 98 06, +7 (7172) 79 04 31, +7 (7172) 79 08 07

2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны таратушы желілері арқылы ауыз су, ыстық және техникалық суды беру, сарқынды суды бұру, жылу энергиясын беру және бөлу, «Жылы жағажай» курорттық аймағындағы тұтынушыларға суды таратушы желілері арқылы беру, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау (17-ш/а қазандығы бойынша) қызметтері бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы бекітілген тарифтік сметалар және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы жөніндегі 2025 жылдың қорытынды есебін өткізу ағымдағы жылдың 30 сәуір күні сағат 15:00-де Ақтау қаласы, 22-ш/а, №43 «ҚЖСА» МКК-ның ғимаратында (акт залы) өтетіндігі туралы хабарлайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Бузачи Нефть» ЖШС «02.11.2001 ж. №793 келісімшартқа сәйкес Қаратұрын теңіз учаскесінің солтүстік бөлігіндегі юра шөгінділерінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстары жобасына» ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 14 мамыр сағат 11:30-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау ауданы, Шебір а.о., «Шебір» мәдениет үйі ғимараты.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/84168386705?pwd=IBNk6DtIWsAXXt9hqdLkR6z4Ge6Eqv.1>

Конференция идентификаторы: 841 6838 6705, кіру коды: 505694.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Бузачи Нефть» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 13-ш/а, 32 «В» ғимарат, БСН: 931240001487, эл.пошта: kozhakova@buzachineft.kz, Кожакова Г., тел.8 (7292) 290-211.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында орналастырылған.

Жобаны жасақтаушы: «КазНИГРИ» ЖШС, БСН: 991240001478, эл.:info@kaznigri.kz, тел: 8(7122)763090.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Өзенмұнайгаз» АҚ <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында 20.04.2026 жылы 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Талқылауға шығарылатын жұмыс жобалары «Маңғыстау облысы «Өзен» кен орны ҰҚБ-3 жанар-жағармай материалдар қоймасының құрылысы», «МГӨБ-1, 2, 3, 4 ҚҚҰ және МДЖӨҚБ жүйесінің құбырларын реконструкциялау. Маңғыстау облысындағы «Өзен» кен орны», «Маңғыстау облысы, «Өзен» кен орнында АСТҚ-1-де ДІҚ тұндырғыштарында полимерлі құбырдан кіріс және шығару желілерін салу» және «Маңғыстау облысы, «Өзен» кен орнында АҚ «ӨМГ»-нің МГӨБ-2 бағытында ұзындығы 10,5 км автожол салу» және оларға ҚОҚ бөлімі. Құжаттар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналасқан. Тел.: +7 (7292) 701344.

ВАСИЛИЙ САЛАЗКИН

Ел басына күн туған кезеңде Отан қорғау жолында ерлік көрсеткен, бейбіт өмірдің орнауына өлшеусіз үлес қосқан ардақты майдангер.

Ол 1927 жылы туған. 1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, 1 Қиыр Шығыс майданында соғысқан, кіші сержант шеніне дейін көтерілген. II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «1941 – 1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Одағының Маршалы Жуков Г.К.» және мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін Шымкент қаласында жүргізуші болып қызмет еткен.

Ғасырға жуық ғұмыр кешіп дүниеден озған жауынгер тұлғасы – қайсарлық пен жаңқиярлықтың жарқын үлгісі. Оның ерлігі мен енегелі өмір жолы кейінгі ұрпақ жадында мәңгі сақталып, елге қызмет етудің биік өлшемі болып қала береді.

Маңғыстау облысының әкімдігі, Маңғыстау облыстық мәслихаты, Маңғыстау облысының Қоғамдық кеңесі, облыстық Ардагерлер кеңесі Ұлы Отан соғысының майдангері Салазкин Василий Ивановичті қайтыс болуына орай туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КЕЛЕСІ ЖОБА БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ: ҚАРАЖАНБАС КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМША	
Жобаның атауы	Қаражанбас кен орнын игеру жобасына қосымша
Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктер	Маңғыстау обл., Түпқараған ауданы, С. Таушық
Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны	Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайда өткізіледі. Орны: Маңғыстау обл., Түпқараған ауданы, Таушық а.о., Таушық а. Елмұханбет Х. №6 көшесінде орналасқан «Таушық ауылы өкімінің аппараты» ММ ғимараты, Күні: 20.05.2026 ж. Уақыты: сағ. 11:00 Маңғыстау облысының аумағында карантиндік режим жарияланған жағдайда қоғамдық тыңдаулар интернет-алаңда бейнеконференцбайланыс арқылы өтеді: https://teams.microsoft.com/dl/launcher/launcher.html?url=%2F_%23%2Fmeet%2F32733857419639%3Fp%3DPRTghkaFNRN08qYzb0%26anon%3Dtrue&type=meet&deeplinkid=c1ed8e35-2468-4a5a-b348-0b0da1e1ea92&directDl=true&msLaunch=true&enableMobilePage=true&suppressPrompt=true
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	«Қаражанбасмұнай» АҚ, 9 «А» ш/а, 4-ғимарат, «Елес» б/о., тел. 8(7292) 473046, 8(7292) 472053
Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушінің немесе сыртқы тартылған сарапшылардың деректемелері мен байланыс деректері	«Қазұпимұнайгаз» ҚМГ инжиниринг» ЖШС филиалы, тел. 701344
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы және экологиялық порталы	https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/ https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings
Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі	Z_ISLAMGAZIYEV@KBM.KZ Тел.: 8(7292) 473046, A_Dzhuldybayeva@KBM.KZ 8 (7292) 472053
Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері	Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы Сабина Базарбай 8/7292/ 43-10-88 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz mangystautabigat@gmail.com

БҰЛ БОС ОРЫН СІЗДІҢ ЖАРНАМАҒА АРНАЛҒАН
ТЕЛЕФОН: 20-48-42